



Ембі ТЫНЫСЫ

№3 (146)
НАУРЫЗ
2026 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

НАУРЫЗ-ДУМАН

ДӘСТҮР МЕН ТАҒЫЛЫМ ТОҒЫСҚАН СӘТ

Ембіліктер Наурыз мерекесін атап өтті



Ұлыстың Ұлы күні әз-Наурызды ембілік мұнайшылар жылдағы қалыптасқан дәстүрге сай, кең көлемде атап өтті. Компанияға қарасты барлық құрылымдық бөлімшелерде түрлі деңгейде ұйымдастырылған ұлық мереке аясында ән айтылып, күй күмбірледі. Ізгі тілектер жолданып, салт-дәстүр дәріптелді. Компанияның, басқармалардың және кәсіподақ ұйымдарының марапаттары табысталып, еңбек адамдарына құрмет көрсетілді.



ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТӨРІНДЕ

«Ембімұнайгаз» АҚ Нұрпейіс Мақашевтың 80 жасын атап өтті

Қазақ мұнайының қарашаңырағы «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы ел үшін еткен еңбектің даңқын арттыратын халқымыздың ізгі дәстүрін берік ұстанады.

6»»»

ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ШЫҢДАЛУ АЛАҢЫ

Компанияда еңбек ететін жас буынның білімін жетілдіру, басқарушылық қабілеттерін дамыту және өндірістік үдерістерге жаңа көзқарас қалыптастыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соның жарқын дәлелі – соңғы жылдары дәстүрге айналған Serpin жобасы.

8»»»

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті геологтар және сала ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мереке – Геологтар күнімен құттықтаймыз!

Бұл мамандық – терең білімді, табандылықты және жауапкершілікті талап ететін аса маңызды сала. Сіздердің кәсіби шеберліктеріңіз бен қажырлы еңбектеріңіздің арқасында жер қойнауындағы байлықтар зерттеліп, ел экономикасының дамуына зор үлес қосылып келеді. Мұнай-газ саласының табысты дамуы, өндірістің тұрақты жұмысы – ең алдымен геологтардың дәлдігі мен ізденімпаздығына тікелей байланысты.

Еліміздің геология саласында ембілік мамандардың айшықты қолтаңбалары барын зор мақтанышпен айтамыз. Өзен, Теңіз секілді ірі кен орындарының ашылу тарихының бастауында ембілік геологтар тұрса, аға буының салған сара жолын қазіргі мамандар сәтті жалғастырып келеді. Тынымсыз еңбек пен жердің қыр-сырына терең үңілу нәтижесінде мемлекетіміздің қуатты минералды-шикізаттық қоры құрылған.

Геологтардың күнделікті еңбектері – табиғаттың терең қойнауын зерттеп, болашақтың игілігі үшін жаңа мүмкіндіктерді ашуға бағытталған жауапты әрі құрметті қызмет. Бұл жолда кәсібилік, тәжірибе және ғылымға деген адалдық ерекше маңызға ие.

Осындай кәсіби мереке күнінде Сіздерге мықты денсаулық, мол табыс, жаңа ғылыми жетістіктер мен өндірістік табыстар тілейміз! Еңбектеріңіз әрдайым жемісті болып, жаңа кен орындарының ашылуына, еліміздің мұнай-газ саласының дамуына қызмет ете берсін!

Құрметпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы



Ембі кен алаңдарындағы геология саласы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы 3 беттен оқи аласыздар

МЕРЕЙ

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТӨРІНДЕ

«Ембімұнайгаз» АҚ Нұрпейіс Мақашевтың 80 жасын атап өтті



Қазақ мұнайының қара шаңырағы «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы ел үшін еткен еңбектің даңқын арттыратын халқымыздың ізгі дәстүрін берік ұстанады. Соған сай, ембіліктер мемлекет және қоғам қайраткері, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, Атырау облысының Құрметті азаматы Нұрпейіс Мақашевтың 80 жылдығына орай «Туған елдің төрінде» атты салтанатты іс-шара ұйымдастырды.

Өңірдің өсу, өркендеу жолында қолтаңбасын қалдырған, 80 деген биіктің сенгіріне шығып, туған елдің құрмет-ықыласына бөленіп отырған мерейжас иесіне арналған салтанатты жиында үзеңгілес қызмет атқарған замандастары, мұнай-газ саласының басшылары, ардагерлер сөз алды.

Қарапайым теміржол бригадирінен ірі мемлекеттік лауазымдар мен алпауыт компаниялардың басшысы қызметіне дейінгі жолды жүріп өткен Нұрпейіс Мақашұлының есімі облыс орталығының Атырау қаласы болып аталуына бастамашы болған жан ретінде де зор құрметпен аталады.

Қажырлы қызмет атқарған еңбек жолының бір бөлігі Ембімен етене байланысты: 2002-2004 жылдары «Ембімұнайгаз» АҚ басшысы қызметін атқарған. Салтанатты жиынға арнайы келген «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Құрманғазы Есқазиев мерейгерге «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасеновтың құттықтау хатын табыстады. Сондай-ақ, өз құттықтауында Н.Мақашұлының өңірдің және мұнай саласының дамуы жолындағы үлесін атап, ізгі лебізін жолдады.

Бұдан соң, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Иманғали Тасмағамбетовтен келген құттықтау хаты оқылды.

Ізгі тілек, лебіздер легін облыс ардагерлері атынан Атырау облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Өтешев және еңбек ардагері Мәдина Ғабдуғалимова жалғастырды.

Ембі өндірісінің тарихында да есімі жазылған Нұрпейіс Мақашұлының құттықтаушылар қатарында «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет сөз алып, тілегін жеткізді.

Нұрпейіс Мақашұлы өндіріс саласында да табысты қызмет атқарды. Соған сай, өндірісті өңірде өтіп жатқан мерейлі жиынның мейманы – «Қазақтүрікмұнай» ЖШС Бас директоры Құдайберген Арымбек ыстық ықыласын білдірді.

Салтанатты жиын соңында мерейгер Нұрпейіс Мақашұлы шара қонақтарына алғысын білдірді. [ЕТ](#)



Нұрпейіс Мақашұлы туралы материалды газеттің 7 бетінен оқи аласыздар

ЖЕТИСТІК

ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ ҚАЗМҰНАЙГАЗДЫ ҮЗДІК КОРПОРАТИВТІК ЕСЕПТЕРІ ҮШІН МАРАПАТТАДЫ

«Қазмұнайгаз» ҰК АҚ жылдық есепте және тұрақты даму туралы есепте үздік ақпаратты ашып көрсетудің үздік тәжірибесі үшін Қазақстан қор биржасының (KASE) бірқатар номинациясына ие болды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша қор нарығында жоғары нәтижелерге қол жеткізген ли-

стинг компаниялары мен биржа мүшелерін 24-ші жыл сайынғы марапаттау салтанаты барысында Қазмұнайгаз «Ашықтыққа ұмтылысы үшін» наградасының иегері атанды. Сондай-ақ осы номинация бойынша ҚМГ еншілес компаниясы – «ҚазТрансОйл» АҚ атап өтілді.

Бұдан бөлек, ҚМГ 26 компания арасындағы жылдық есептер конкурсына қатысып, «Қаржы емес сектордағы 2024 жылғы үздік жылдық есеп», «Қаржы емес

сектордағы 2024 жылғы тұрақты даму туралы үздік есеп» номинациялары бойынша жүлдегер болды.

Байқау аясында 150-ге жуық түрлі өлшемшартты қамтитын есептерді бағалаудың арнайы тәртібі әзірленді.

Айта кетсек, ҚМГ корпоративтік есептіліктің халықаралық озық тәжірибелеріне сай болуға ұмтыла отырып, өз қызметі жайында толық әрі сапалы ақпарат дайындауға ерекше назар аударады.

<https://www.kmg.kz/press-center>

КӨРСЕТКІШ

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ-НЫҢ

2025 ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

2024 жылмен салыстырғанда 2025 жылғы негізгі қаржы көрсеткіштері:

Түсім 8 трлн 330 млрд теңгемен салыстырғанда 9 трлн 371 млрд теңгені құрады;

ЕБИТДА көрсеткіші 2 трлн 001 млрд теңгемен салыстырғанда 2 трлн 393 млрд теңгені құрады;

Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесті қоса алғанда, компанияның таза пайдасы 1 трлн 094 млрд теңгемен салыстырғанда 1 трлн 072 млрд теңгені құрады;

Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен

қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесіне түзетілген таза пайда 1 трлн 264 млрд теңгемен салыстырғанда 1 трлн 277 млрд теңгені құрады;

Бос ақша ағымы 1 трлн 199 млрд теңгемен салыстырғанда 1 трлн 233 млрд теңгені құрады;

Жалпы қарыз 2024 жылғы 31 желтоқсандағы 3 трлн 967 млрд теңге мөлшеріндегі көрсеткішпен салыстырғанда 2025 жылғы 31 желтоқсанда 3 трлн 522 млрд теңгені құрады;

Таза қарыз 2024 жылғы 31 желтоқсандағы 1 трлн 163 млрд теңге көрсеткішімен салыстырғанда 2025 жылғы 31 желтоқсанда 375 млрд теңгені құрады.

<https://www.kmg.kz/press-center>


КОНФЕРЕНЦИЯ

КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ
ЖАҢА ЖЕТЕКШІСІ САЙЛАНДЫ

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бас кеңсесіндегі мәжіліс залында жергілікті кәсіподақ ұйымының конференциясы өтті. Іс-шараға басқарманың барлық цехтарынан сайланған өкілер, барлығы 60 делегат қатысты. Әр цех ұжымынан 5 адамнан құралған делегация құрамы конференция жұмысына белсенді түрде қатысты.

Жиынның күн тәртібінде бір ғана мәселе қаралды – жергілікті кәсіподақ ұйымының жаңа жетекшісін сайлау. Ұйымның жетекшілігіне 5 үміткер ұсынылды. Олардың әрқайсысына қойылған талап – кәсіподақ ұйымының мүшелері болуы міндеттелді.

Үміткерлер конференция делегаттарының алдында өз бағдарламаларын таныстырып, еңбек ұжымының әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытындағы ұсыныстарын ортаға салды.



Бағдарламаларда қолданыстағы әлеуметтік жеңілдіктерді сақтау және оларды одан әрі жетілдіру қажеттігіне баса назар аударылды. Сонымен қатар, бұл бағыттағы жұмыстарды жұмыс берушімен өзара тиімді ынтымақтастық негізінде жүзеге асырудың маңыздылығы да аталып өтті.

Үміткерлердің бағдарламалары таныстырылып біткен соң, делегация құрамы үміткерлерге дауыс берді. Көпшілік дауыспен «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Жанаталап мұнай-газ өндіру цехының қабат қысымын сақтау операторы Зинур Әлсұлтанов ұйымның жаңа



жетекшісі болып сайланды.

Конференция жұмысын қорытындылаған «Ембімұнайгаз» АҚ жергілікті кәсіподақ ұйымының жетекшісі Болат Нсанбаев ұйым жұмысының алдағы бағыттарына тоқталды. Ол кәсіподақтың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану, сондай-ақ, жүзеге асырылуы тиіс маңызды іс-шараларды жүйелі түрде орындау жаңа жетекшінің басты міндеті екенін атап өтіп, ұйымның жаңа жетекшісінің жұмысына табыс тіледі. [ЕТ](#)



НЕДРА

День геолога – это не только профессиональный праздник первооткрывателей недр, но и признание труда специалистов, которые ежедневно продлевают жизнь действующих месторождений, раскрывая их потенциал.

АО «Эмбаунайгаз» является старейшим из нефтедобывающих предприятий Казахстана с богатой историей и крепкими производственными традициями. Ресурсная база Общества формировалась за счёт крупных и средних месторождений, открытых ещё в прошлом столетии. Сегодня эти активы находятся на зрелой стадии разработки – высокая степень выработанности запасов, рост обводнённости и естественное снижение дебитов скважин ставят перед компанией новые, более сложные задачи.

И всё же именно эти месторождения остаются основой стабильной добычи. В современных условиях их эффективное освоение требует не просто поддержания достигнутых уровней, а внедрения новых подходов к управлению ресурсной базой, более точных и технологичных решений.

Восполнение ресурсной базы для Общества – это прежде всего системная и планомерная работа в пределах уже разрабатываемых активов. Общество последовательно реализует стратегию доразведки и углублённого изучения

ПОТЕНЦИАЛ ГЛУБИНЫ: как геологи продлевают жизнь месторождений




Фото создано при помощи ИИ

недр, направленную на поиск и вовлечение дополнительных запасов. Эта работа уже приносит конкретные результаты. В последние годы открыты и введены в промышленную разработку месторождения Карасор Западный и Уз Северный. Значимым шагом стало открытие валанжинских отложений на месторождении Западная Прорва. Вовлечение в разработку трудноизвлекаемых запасов месторождения Молдабек Восточный, а также уточнение и расширение границ нефтеносности Узовской и Новобогатинской группы месторождений наглядно демонстрируют, что зрелые активы сохраняют серьёзный потенциал. Так, на месторождении Гран,

открытом ещё по 2D сейсморазведочным материалам 1960-х годов и до сих пор не имеющем полноценного сейсмического куба 3D МОГТ, в рамках научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ проведены высокоразрешающие сейсморазведочные исследования методом падающего груза. В результате проведения 3D сейсморазведочных работ будет получен качественно новый объём сейсмической информации – полноценный куб данных. Современные технологии полевых наблюдений и обработки данных позволяют уточнить геологическое строение месторождения, повысить точность структурных построений и достоверность выделения объектов.

Одним из ключевых направлений деятельности геологической службы остаются поисково-разведочные работы на контрактных территориях. В настоящее время, в рамках геологоразведочных работ на участках Тайсойган-1 и Тайсойган-2 с целью определения нефтегазоносных залежей и постановки поисково-разведочного бурения проводятся геоэлектрхимические площадные исследования и переработка и интерпретация сейсморазведочных данных 3D МОГТ. Геоэлектрхимические методы поисков месторождений нефти и газа основываются на факте существования непрерывного процесса массопереноса углеводородов от глубинных скоплений углеводородов, в результате чего непосредственно над залежами формируются аномальные концентрационные поля углеводородов. Переработка и интерпретация сейсморазведочных данных позволит выделить перспективные структуры, тогда как динамический

анализ сейсмических данных и результаты геоэлектрхимических данных позволит более точно определить и выделить нефтенасыщенные залежи.

В рамках комплексной программы приращения ресурсной базы Обществом проводятся мероприятия по доразведке существующих месторождений и поиску новых территорий для разведки. Для этих целей выполняются работы по анализу архивных материалов, комплексное изучение геолого-геофизических данных, переработка и переинтерпретация сейсморазведочных данных 2D и 3D, расконсервация и испытание ранее пробуренных скважин и другие мероприятия. Оценка перспектив свободных территорий для разведки совместно с нашими коллегами с НК КМГ позволили подготовить ряд площадей для дальнейшего геологического изучения (ГИН).

Основа всех результатов – работа геологов и геофизиков, их опыт и способность принимать решения в условиях неопределённости обеспечивают устойчивое развитие компании.

В День геолога мы благодарим тех, кто своим трудом формирует будущее отрасли. Их вклад редко виден публике, но именно он позволяет развивать добычу, открывать новые месторождения и строить перспективу для всей отрасли. ET

ТЕХНОЛОГИЯ

ЭНЕРГИЯ ИЗ ПОПУТНОГО ГАЗА: экологический и экономический эффект проекта

Рациональное использование природных ресурсов и внедрение современных технологий становятся важными направлениями развития нефтегазовой отрасли. В АО «Эмбаунайгаз» реализуется проект по выработке электроэнергии с использованием попутного нефтяного газа (ПНГ), который ранее сжигался на факелах. Сегодня электроэнергия, получаемая из ПНГ, используется для собственных производственных и хозяйственных нужд компании.

В рамках проекта на ряде месторождений «Эмбаунайгаза» внедрены газопоршневые электростанции. Так, на месторождении Юго-Западное Камышитовое НГДУ «Жайыкмунайгаз» действует станция мощностью 4,8 МВт. Она обеспечивает электроэнергией сразу несколько месторождений: Юго-Западное Камышитовое, Юго-Восточное Новобогатинское, Юго-Восточное Новобогатинское Надкарнизное, Юго-Восточное Камышитовое и Жанаталап.

После введения моратория на сжигание попутного газа на факелах часть добываемых скважин на месторождениях Эмбы была законсервирована. Строительство газопоршневой электростанции на месторождении Юго-Западное Камышитовое дало возможность вновь расконсервировать эти скважины и возобновить добычу, отмечают энергетики. Компания получила возможность увеличить объём добываемой нефти, а извлекаемый из этих скважин попутный газ теперь направляется на производство собственной электроэнергии.

«В 2026 году планируется расширить этот проект еще на пяти месторождениях Эмбы: Сагидола Нуржанов, Актобе, Восточный Магат, Котырмас и Забурунье, - рассказывает главный энергетик АО «Эмбаунайгаз» Жанибекбай Тулегенов. - Таким образом, технология переработки ПНГ в электроэнергию будет внедряться повсеместно, где есть попутный нефтяной газ. На всех девяти месторождениях, охваченных данной инициативой, мы рассчитываем утилизировать порядка 50-60 млн кубометров газа в год,

превращая их в 11 мегаватт электроэнергии».

Работы по внедрению этой технологии ведутся и в НГДУ «Кайнармунайгаз». На месторождении Северный Уз установлены газопоршневые электростанции суммарной мощностью 3360 кВт. В настоящее время они обеспечивают стабильное электроснабжение месторождений Уз, Северный Уз, Восточный Уз, а также вахтовых поселков Кайнар и Северный Жолдыбай.

Реализация проекта позволяет эффективно использовать попутный нефтяной газ, извлекая из него дополнительную ценность в виде электроэнергии. Это способствует



ГПЭС на месторождении Северный Уз

снижению зависимости от внешних источников энергоснабжения и сокращению затрат на покупку электроэнергии. По оценкам специалистов, экономия может достигать 55 процентов.

Проект имеет важное как экономическое, так и экологическое значение. Снижение объёмов сжигания ПНГ ведёт к уменьшению выбросов углекислого газа и в целом положительно влияет на экологическую обстановку в регионе.

Поэтому в АО «Эмбаунайгаз» накопленный ценный опыт использования попутного газа для выработки электроэнергии рассматривается как перспективная практика для дальнейшего применения на других производственных объектах компании. ET

(Жалғасы. Басы 1-бетте)



ДӘСТҮР МЕН ТАҒЫЛЫМ

Ембіліктер Наурыз мерекесін

«Жылыоймұнайгаз» МТӨБ

Наурыз-думан «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасынан бастау алды. «Көш керуен» театрландырылған хореографиялық этноқойылымы құлсарылықтарға тамаша тарту болды. «Мұнайшылар» саябағында ақшаңқан киіз үйлер құрылып, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығының жәдігерлері арнайы ұйымдастырылған көрмеге қойылды.

Іс-шараның салтанатты бөлімінде «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының геология және игеру жөніндегі орынбасары Ернұр Тасеменов, «Жылыоймұнайгаз» МТӨБ бастығы Қайнар Қоданов жиналғандарды жыл басы – әз-Наурыз мерекесімен құттықтап, табысты еңбек нәтижелерін көрсеткен бір топ ембілікке марапаттар табыстады.

Бұдан соң, жарапазан айтылып, сахналық қойылым басталды. «Көш басталған жерде өмір басталады, көш жүрген жерде береке қонады» деген ұстанымдарды паш еткен көрініс қоныс орнаған жердің құт екенін айғақтап, Наурыз думанды дүбірлетті. Ән әуелеп, би биленді. Күй төгіліп, тарихтан сыр шертті.



«Қайнармұнайгаз» МТӨБ

Қайнарлық мұнайшылар үшін Наурыз-думан бірнеше кен алаңдарында арнайы ұйымдастырылды. Б.Жоламанов атындағы кен алаңы, Кенбай, Уаз, Жансор кен орындарындағы мерекелік салтанатты жиындар барысында табысты еңбегі және Компанияның дамуы жолындағы зор үлесі үшін бір топ ембілікке марапаттар табыстады.

Компания басшылығы атынан сөз алған «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының геология және игеру жөніндегі орынбасары Ернұр Тасеменов және «Қайнармұнайгаз» МТӨБ бастығы Амангеллі Сүлейменов құттықтау сөздерінде аға буынның маңдай тері мен қазір қызмет атқарып жүрген мамандар еңбегінің нәтижесінде жоспарлы жұмыстардың табысты жүргізіліп отырғанын жеткізіп, бірлескен қызметті жалғастыра беруге шақырды. Әз-Наурыз әр шаңыраққа ырыс-береке алып келсін деген ізгі тілектерін жолдады.

Мерекелік шараларда ұлттық ойындар бойынша түрлі сайыстар ұйымдастырылып, жеңімпаздар есімі белгілі болды.

«Жайықмұнайгаз» МТӨБ

«Наурыз – ынтымақ ырыс қазығы» тақырыбымен «Жайықмұнайгаз» басқармасы ұйымдастырған мерекелік шара Забурын кен орнында өтті.

Мерекелік шараның салтанатты рәсімінде Компания басшылығы атынан сөз алған Басқарма төрағасы қызметінің жетекшісі Алмас Идрисов ел ырысын еселеуге сүбелі үлес қосып жүрген ембілік мұнайшыларға ізгі тілегін жолдап, «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын табыстады. Мерекелік құттықтаулар легін жалғаған «Жайықмұнайгаз» МТӨБ бастығы Жасұлан Беркалиев бір топ мұнайшыларды басқарманың Алғыс Хатымен марапаттады.

Асық ату, ләңгі тебу, гiр тасын көтеру, арқан тартыс, қой көтеру спорттық сайыстары мереке көрігін қыздырып, епті де күшті ембіліктерді анықтады.



ШЕРУ

Сән мен салт



Ел көлемінде бекітілген «Наурыз-нама» онкүндігіне сәйкес, 18 наурыз – Ұлттық киім күні болып бекітілген. Атаулы күнге орай, Атырау қаласында ұлттық киім шеруі өткізілді.

ТОҒЫСҚАН СӘТ

атап өтті



«Доссормұнайгаз» МТӨБ

Самарқанның көк тасы еріп, жер дүние жанаша күйге бөленген кезең – әз-Наурызды «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы да дүбірлі тойға ұластырды. «Амал келді – Жыл келді» тақырыбындағы салтанатты шарада тарихтан сыр шертіліп, бүгінгі жетістіктер сөз болды.

Доссор мұнай кен орны – Қазақстанда ашылған ең алғашқы өндірістік маңызы бар кен алаңы. Қазақ мұнайының қара шаңырағы саналатын бұл кен алаңының ашылғанына биыл – 115 жыл. 1911 жылдың 29 сәуірі күні №3 ұңғыдан атқылаған қуатты мұнай бұрқағы елдің экономикасы мен өміріне, сондай-ақ өңірдің кәсібіне үлкен өзгеріс әкелді. Мұнайлы өңір елдің экономикалық өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып қана қоймай, майталман мұнайшылардың тұтас бір буыны мен өндіріс мектебін қалыптастырған құтты мекенге айналды. Бүгінгі таңда басқарманың бірнеше кен алаңдарында игеру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

Салтанатты шарада Компания басшылығы атынан сөз алған «Ембімұнайгаз» АҚ Бас технологи **Серік Абдиев** ембілік мұнайшыларды Наурызбен құттықтап, лебізін жолдады. Сөз тізгінін жалғаған **басқарма бастығы Бағдат Ниязғалиев** те мерекелік тілегін жеткізді.

Шығыс Мақат кен алаңында ұйымдастырылған думанды мерекеледе алты қанат киіз үй құрылып, сала ардагерлері мен қызметкерлерге төр ұсынылды.



«Тонькөк» этно ауылында ұйымдастырылған ӨТЖЖК басқармасының мерекелік думанында әннен шашу шашылып, спорттық сайыстар мерекелік кеш көрігін қыздырды. Еңбек ұжымы мен зейнеткерлер мәресәре болып көрісіп, ізгі тілектерін жолдады. Ардагерлер бата беріп, ұлттық ұстанымдар дәріптелді.
Тұрақтылық пен

«Ембімұнайэнерго» басқармасы

Наурыз мерекесі аясындағы салтанатты шаралар легін кен алаңдарының үздіксіз жұмыс жасауы жолында электр қуатымен қамтамасыз етіп жүрген «Ембімұнайэнерго» басқармасының қызметкерлері жалғастырды.

«Құлсары» АЭТ аумағында ұйымдастырылған мерекелік шарада жұмысшылар ән шашу тамашалап, спорттық сайыстарға қатысып, бағалы сыйлықтарға ие болды. Арнайы жайылған дастарханда ардагерлер мен жұмысшыларға дәм ұсынылып, мерекелік ән шашу шара маңызын еселеді.



Өндірістік-техникалық қалыптасу және жабдықтармен комплектациялау басқармасы



татулықты дәріптейтін мерекелеге орайластырылған салтанатты шарада Компания басшылығы атынан сөз алған ЕМГ Сатып алу департаментінің жоспарлау және есеп беру бөлімі бастығы **Айболат Дошқай** және басқарма бастығы **Айхан Досниязов** жиналған көпшілікті құттықтап, үздік еңбек нәтижелерін көрсеткен басқарма қызметкерлеріне марапаттар табыстады.

Мерекеле қазақтың ұлттық ойындарымен бастау алып, ұжымның орындауындағы ата-бабадан мұра болып қалған татулық пен тұрақтылықты дәріптейтін салт-дәстүрлердің сахналандырылған көрінісімен әдемі жалғасын тапты. Салтанатты шара ұжым бірлігін нығайтып, ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған мазмұнды әрі әсерлі басқосу болды.



Орталық алаң

Жылдағы дәстүрге сай, Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесі Атырау қаласындағы орталық алаңда кең көлемде тойланды. Киіз үйлер тігіліп, қала тұрғындары мен қонақтарына мерекелік думанды кеш ұйымдастыру ісінен ембілік мұнайшылар да қалыс қалмады.

«Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы орталық алаңға киіз үй құрып, қала тұрғындарына наурыз көже мен бауырсақ ұсынды. Компания басшылығы киіз үйге келген барша қонақтарды құттықтап, мерекелік жылы лебіздерін білдірді.

Атырау жастар театрының өнерпаздары мерекелік көңіл-күй сыйлап, ән-жырдан шашу шашты.

сабақтасын...

Дәстүрімізді дәріптеп, қазақы ұстанымдарды насихаттауға арналған ауқымды іс-шараға белсенді қатысушылар қатарында «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы да болды.

Ұлттық нақышта киінген ембілік бір топ қызметкерлер қала орталығындағы Сұлтан Бейбарыс алаңынан бастап, Исатай-Махамбет алаңына дейінгі жолды жүріп өтті. Сән-салтанаты жарасқан бұл шара ұлттық киімдердің әдемілігін паш етумен қатар, мерекеле мәнін айшықтай түсті. Өйткені, ұлттық киім, тек сән ғана емес, ол – тарих, тәрбие, тағылым.

Іс-шараны ұйымдастырған Атырау қалалық әкімігінің мәліметінше, ұлттық киім шеруіне 5000-ға жуық адам қатысты.



ТАҒЫМ

Атырау өңірі – қазақ мұнайының алтын бесігі. Осы өлкенің өндіріс тарихында есімі құрметпен аталатын мұнайшылар аз емес. Солардың бірі – өмірін қара алтын өндірісіне арнаған ембілік даңқты мұнайшы Сағидолла Нұржанов. Оның есімі бүгінде тек әріптестерінің жадында ғана емес, өндірістің өзінде – мұнай кен орнының атауында сақталған. Бұл – мұнайшы еңбегіне көрсетілген үлкен құрмет.

Ол бозбала шағынан-ақ еңбекке араласқан. Бұл буын тағдырдың талай сынағын көрді. Соғыс жылдары, қиын кезеңдер, елді қалпына келтіру – бәрі де сол ұрпақтың өмірімен тығыз байланысты болды. Майдан даласына аттанған алдыңғы буынның орнын басып, ол да өзге қатарластары секілді елмен тең еңбек етті.

Сағидолла Нұржановтың бойындағы алғырлық, іскерлік, еңбекқорлық сияқты қасиеттерін байқаған өндіріс басшылары, партия, Кеңес органдары оны жұмысқа тартуға күш салды. Осылайша, Гурьев мұнай техникумын бітіріп, орта білім алған 20 жастағы С.Нұржанов еңбек жолын Чернореченск крелиустік барлау қызметінің бастығы болып бастады. Осы жерде 2 жыл еңбек еткен соң, жоғары білім алу мақсатымен академик Губкин атындағы мұнай институтына оқу үшін Мәскеуге аттанады. Кейін жоғары оқу орнын бітірген соң, туған жерге оралады.

Осыдан соң, Құлсары бұрғылау кенесінің Терең-Өзек геологиялық партиясының бастығы, Қошқар мұнай кәсіпшілігі басқармасы техникалық бөлімінің бастығы, бас инженер, басқарма бастығы болды. Осы кезеңдерде кен алаңының ашылуы, өнім өндіру саласына енгізілген технологиялық жаңашылдықтар, көрсеткіштерді арттыру мәселелерін үйлестіруші, шебер басшы ретінде өзін көрсете білді. Өндірістің қыр-сырын тәжірибе арқылы меңгерді. Сол кезде мұнай өндірісінің ауыр, күрделі сала екені ақиқат-ты: техника аз, қол еңбегі көп, табиғат жағдайы қатал еді. Бірақ мұнайшылардың табандылығы мен кәсібилігінің арқасында Ембі өңіріндегі кен орындары біртіндеп игеріле бастады. Сағидолла Нұржанов та осы өндірістік кезеңнің бел ортасында жүрді.

Мұнайшы мамандығы – тек кәсіби білімді ғана емес, үлкен жауапкершілікті талап етеді. Кен орнында қабылданған әрбір шешім жүздеген адамның еңбегі мен өндіріс қауіпсіздігіне әсер етеді. С.Нұржанов еңбек еткен жылдары әріптестері арасында талапшылығымен, ұйымдастырушылық қабілетімен және тәжірибесімен ерекшеленді. Өндірісте бірге жұмыс істеген мұнайшылардың естеліктерінде оның еңбекке деген адалдығы жиі айтылатыны да көп нәрсені аңғартады.

Кен орнындағы күнделікті жұмыс – тәулік бойы тоқтамайтын процесс. Бұрғылау, ұңғымаларды іске қосу, мұнайды жинау, техникалық қызмет көрсету – мұның бәрі үздіксіз жүріп отырады. Осындай жағдайда тәжірибелі мамандардың орны



Бұл бетте пайдаланылған суреттер С.Нұржановтың обасылық және мұрағатталған алынған



ерекше. Сағидолла Нұржанов өндірісте еңбек еткен кезеңдерде жас мамандарды тәрбиелеуге де ерекше көңіл бөлді. Өйткені, мұнай өндірісінде тәжірибенің орны бөлек. Әр кен орнының геологиялық ерекшелігі, қысымы, қабат құрылымы әртүрлі болады. Сондықтан жас мұнайшыларға бағыт-бағдар беру өте маңызды. Оның қарамағында жұмыс істеген көптеген жас мамандар кейіннен өндірісте жетекші инженерлер мен басшыларға айналды. Ал, қанаттас қызмет атқарған әріптестері: «Жақсы мұнайшы болу үшін білім ғана емес, өндірісті сезіну керек», – деген сөзді Сәкең жиі айтушы еді деп еске алатын-ды.

Сол шақта Ембі өңіріндегі мұнай өндірісі ел экономикасының маңызды тіректерінің біріне айналып келе жатты. Мұнайшылардың әрбір күні жаңа сынақтармен,

жаңа міндеттермен өтетін. Сағидолла Нұржанов өндірістің осы қиын мектебін еңсерді. Қарапайым жұмысшыдан бастап, тәжірибелі маманға дейінгі жолды жүріп өтті.

Ал, 1962 жылы партиялық қызметке жоғарылатылып, Мақат аудандық партия комитетінің I хатшысы болып сайланады. Өндірісте ысылған азамат ендігі жерде қай істе де алғыр екенін етене көрсете білді. Ел мүддесі үшін, халық үшін тер төгіп, алғыс арқалады. Партиялық жұмыс халықпен тығыз жұмыс жасауға одан әрі машықтандырып, елдік

директоры, «Жетібаймұнай» МГӨБ бастығы, «Қазақстанмұнай» бірлестігі бастығының орынбасары, облыстық кәсіподақтар кеңесінің төрағасы, «Өзенмұнайгаз» МГӨБ бастығы, «Ембімұнай» мекемесінде бөлім бастығы, тампонаждық кеңсе директоры қызметтері оның сала майталманына айналуына септесті.

Еңбек етіп жүрген шағында мұнай өндіруді автоматтандыру, қол еңбегін жеңілдетуге көп пайдасын тигізді. Ұңғыларды бір орталықтан пулт арқылы басқару жүзеге асырылды. Осының бәрі сол кезде өндіріске көп пайда әкелген техника жаңалықтары болатын. Іскер, тез шешім қабылдайтын, айтылған жұмысты мұқият, табыспен орындап шығуға адамдарды жұмылдыра білетін. Өндіріспен бірге өзі де өсіп, тәжірибесін молайтты. Жастайынан адамгершілікке, мейірімділікке, ізгілікке бой ұрып, сол ұқыптылықтың арқасында өмірден көрген, түйгенін еңбекпен шыңдай білді.

Жылдар өте келе Сағидолла Нұржанов мұнай өндірісіндегі тәжірибелі мамандардың біріне айналды. Оның еңбек жолы бірнеше ондаған жылдарды қамтыды. Сол жылдары мұнай өндірісі дамып, жаңа технологиялар енгізіле бастады. Ұңғымалардың саны көбейді, өндіріс көлемі артты.

Осындай кезеңде С.Нұржановтай даңқты мұнайшының еңбегі ерекше бағаланып, Қазақ КСР еңбек сіңірген мұнайшысы атағына ие болды. Кейінгі жылдарда КСРО құрметті мұнайшысы атанып, «Құрмет белгісі» орденімен, Қаз КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталғаны да – еселі еңбегінің жемісі.

Өндірісте жұмыс істеген адамдар жақсы біледі: мұнай өндірісінде ұжымдық жұмыс ерекше маңызды. Әрбір мұнайшы өз міндетін мінсіз орындауы керек. Ал, оларды жұмылдыра білу – білікті басшының қолынан келетін әдет. Өзісіне адал берілген мұнайшылардың бірі Сағидолла Нұржанов тек өндірістік көрсеткіштерге ғана емес, ұжымдағы тәртіп пен қауіпсіздік мәселесіне де ерекше көңіл бөлді.

Сөзге шешен, іске білікті жан-тұғын. Оның адамгершілігін, азаматтығын әріптестері естеліктерінде де үнемі айтып отырады. Басшымын деп, тек жұмысты талап етпей, адамдардың тұрмыс жағдайын жасауды да назарынан тыс қалдырмады.

Бір сөзді, сертке берік, ақжарқын мінезді Сағидолла Нұржанов қандай қиыншылық кездессе де, көңіл көтеретін әзілімен жұмысқа жұмылдырып, көпшілікті серпілтіп тастайтын ерекше қасиеті бар басшы болғаны көзін көргендердің естеліктерінің бір тініне айналған.

Мұнай өндірісінде ерекше есімі кен орындарына берілуі – үлкен абырой. Сағидолла Нұржановтың есімі де осындай құрметке ие болды. «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында С.Нұржанов атындағы кен алаңы бар. Бұл кен орны бүгінгі күні де өндірістік маңызын сақтап отыр. Кен алаңының атауы – бір мұнайшының еңбегіне берілген баға ғана емес, бүкіл мұнайшылар еңбегінің символы.

Ембі өңіріндегі мұнай өндірісі тек экономика саласы ғана емес, тұтас бір еңбек мәдениеті мен дәстүрін қалыптастырды. Сағидолла Нұржанов та осы дәстүрдің қалыптасуына үлес қосқан тұлғалардың бірі болды.

Еліміздің мұнай өндірісінің бастауында тұрған Ембі мұнайшыларының еңбегі Қазақстанның индустриялық тарихының маңызды бөлігі болып саналады. Осы тарихта Сағидолла Нұржанов сияқты еңбек адамдарының орны ерекше. Өзі өмірден өтсе де, есімі зор құрметпен аталуы – ғибратты ғұмыр иесіне берілген шынайы баға.

Бүгінде мұнай өндірісі жаңа технологиялармен дамып келеді. Бірақ, саланың басты құндылығы өзгерген жоқ, ол – еңбек адамы.

Сағидолла Нұржановтың өмір жолы – мұнайшы мамандығының шынайы бейнесі. Табандылық, кәсіби шеберлік және елге қызмет ету – оның еңбек жолының басты қағидалары. Ал оның есімімен аталған кен алаңы – сол еңбектің мәңгілік белгісі. **ET**



Сағидолла Нұржанов атындағы кен алаңы

■ **ФИБРАТТЫ ҒҰМЫР**

Өмір жолы ел тарихымен сабақтасып жатқан азаматтар болады. Олар – тек белгілі бір қызметтің иесі ғана емес, тұтас бір дәуірдің куәсі, сол кезеңнің тынысын сездіріп, қоғам дамуында өзіндік із қалдырған жандар. Осындай ірі тұлғалардың бірі – мемлекет және қоғам қайраткері Нұрпейіс Мақашев.

ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ ҚАРЫШТЫ ҚАДАМ

Нұрпейіс Мақашұлы 1946 жылы Атырау облысының Исатай ауданында дүниеге келген. Жайық пен Каспийдің арасындағы бұл өлке – талай еңбекқор азаматты тәрбиелеген өңір. Солардың қатарында жастайынан еңбекке бейім болып, жауапкершілікті сезініп өскен Нұрпейіс Мақашұлы да бар еді.

1970 жылы Ташкент темір жол көлігі инженерлері институтын тәмамдаған жастың өмір жолы өндіріс саласымен тығыз байланыста басталды. Ол кезеңде инженер болу жай ғана мамандық емес, елдің өндірістік дамуына үлес қосатын жауапты міндет болатын. Алғашқы еңбек жолын құрылыс саласында бастаған жас маман «Гурьевмұнайхимқұрылыс» тресінде шебер, кейін бас инженер, партия комитетінің хатшысы қызметтерін атқарып, аталған саланың қырсырын терең меңгерді. Бұл жылдар – табандылықпен шыңдалған, тәжірибемен толысқан кезең еді.

Сонымен қатар, осы шақ Гурьев қаласының келбеті айтарлықтай өзгере бастаған уақыт-ты. Қалада жаңа тұрғын үйлер, білім және мәдениет нысандары бой көтеріп, өндірістік инфрақұрылым қарқынды дамыды. Осы өзгерістердің басы-қасында жүрген құрылысшылардың қатарында Нұрпейіс Мақашев та болды. Авангард мөлтек ауданында көпқабатты тұрғын үйлер бой көтеріп, II, III және IV ықшамаудандарға бөлінді. Балықшы кентіндегі ірі панельді үйлер де – сол кезеңдегі құрылысшылар еңбегінің нәтижесі.

Қалада типтік жобадарға техникумдар, кәсіптік-техникалық училищелер, мектептер мен балабақшалар, денсаулық сақтау және мәдениет мекемелері салынды. Мұның бәрі Гурьевтің жаңа келбетін қалыптастырып, өңірдің әлеуметтік дамуына жол ашты.

Ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленген маманға кейінірек «Сельстрой» тресін басқару сеніп тапсырылды. Оның жетекшілігімен ауылдық елді мекендерде де жаңа тұрғын үйлер, ауруханалар, мектептер мен мәдениет ошақтары салынып, ауыл өміріне серпін берілді.

«ГУРЬЕВ ЕМЕС, АТЫРАУ»

Оның қызмет жолында ерекше кезеңдер аз болған жоқ. Соның бірі ретінде мына деректерді келтірсек. Нұрпейіс Мақашұлына 1989 жылы тұңғыш рет баламалы негізде Гурьев қалалық кеңестің төрағасы болып сайлану, қала атауын Атырау деп өзгерту жөніндегі шешімге қол қою, қиыншылықтарға қарамастан шаһардың іргесі қаланғанына 350 жылдық мерейтойын және Қазақстанда алғашқылардың бірі болып Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамын үлкен мереке ретінде тұңғыш рет атап өту шараларының басында жүру бақыты бұйырды.

Бұл кезең ел тарихындағы үлкен өзгерістерге толы уақыт еді. Кеңес Одағы ыдырап, Қазақстан тәуелсіздікке қадам басқан тұста

ұлттық құндылықтарды жаңғырту мәселесі күн тәртібіне шықты.

Қала атауы – жай ғана географиялық белгі емес. Ол – ұлттың жадында қатталған рухани код. Гурьев атауын Атырау деп өзгерту жай ғана ресми шешім емес еді. Бұл – бір сөзді ауыстыру емес, тұтас сананы жаңарту болатын. Атау арқылы жердің жаны сөйлейді, тарихы жаңғырады. Бұл шешім – өткенге тағзым, болашаққа бағдар болды. Атырау атауы оралғанда, халық та өз болмысына бір табан жақындай түсті. Ал осы тарихи жадының қайта тіріліп, ұлттық рухтың жаңғыруына ат салысып, басы-қасында жүрген азаматтың бірі – Нұрпейіс Мақашев.

Айта кеткен жөн, бұл шешім оңай қабылданған жоқ. Қоғамда әртүрлі пікірлер айтылып, мәселе ұзақ талқыланды. Жүргізілген ауқымды жұмыстардың нәтижесінде 1991 жылдың 9 қазанында өткен қалалық кеңестің XXI шақырылған сессиясында Гурьев қаласының атауын Атырау деп өзгерту туралы тарихи шешім қабылданды.

Бұл тәуелсіз Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі болды. Ал осы шаралардың

ету, тәулігіне 25 тонна ғана нан өндіруге қауқары жетерлік нан зауытының жұмысын жолға қою сияқты сан қырлы шаруаларды шешуде Нұрпейіс Мақашұлы бастаған қалалық әкімшілік қызметкерлерінің табандылық танытқаны әлі күнге көптің жадында.

Ал, егемен елдің экономикасын ілгерілету мақсатында шетелдерден инвестиция тарту науқаны басталған шақта Нұрпейіс Мақашұлы Түркиялық Магденли деген азаматтың қаражатын



салып, кеніштерде жатақхана мен асханалар салдыруды қолға алды.

Нұрпейіс Мақашұлының бұдан кейінгі жылдардағы қызмет жолы Парламент қабырғасында жалғасты. 2004 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланып, Экономикалық реформа және аймақтық даму комитетінің мүшесі ретінде заң шығару жұмыстарына қатысты. Осы кезеңде ол өңірлердің әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған бастамалар көтеріп, ел экономикасын дамытуға қатысты заңнамалық жұмыстарға белсене араласты. Сонымен қатар, осы жылдары экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғады.

Нұрпейіс Мақашұлының «Қазақтүрікмұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры болған кезеңде аталған кәсіпорын «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы» номинациясы бойынша 2011 жылдың қорытындысымен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері арасында бірінші орынды иеленді.

Н.Мақашев рухани жаңғыру бағытында да көптеген үлгілі іс-шаралардың басы-қасында жүрді. Ел



«2003 жылдың желтоқсан айында тендерге салған бұрғылау станогын ұтып алған «ҚазТехноСервис Со ЛТД» ЖШС басшылары «Ембімұнайгаз» ААҚ басшыларына шығып, станокты зауыттың алаңында сынақтан өткізіп, қабылдауымыз керек деген өтініш жолдап, мамандар сұраған. Сол кезде «Ембімұнайгаз» ААҚ Президенті Нұрпейіс Мақашев болатын. Келісіліп, мамандар тобы бөлінді.

Жүк көтергіштігі 100 тонналық jZ15 маркалы бұрғылау қондырғысы Қытай халық Республикасының Наньян қаласында орналасқан мұнай өнеркәсібі жабдықтары зауытынан шығатын. Қондырғыны жинап болған соң, зауыттың ішіндегі сынақ алаңына барып, стен-



(Суреттер А.Ибраимовтың архивінен)

дыда сынақтан өткіздік. Нормаға байланысты 125 тонна салмақ бердік. Содан соң, протоколға қол қойып, жылжымалы бұрғылау станогының әрі қарай бұрғылауға дайын екеніне кепілдік бердік. Кейін Нұрпейіс Мақашевтың бастауымен мамандар қытайлық бұрғылау қондырғысының жұмысымен танысып шықты. Осылайша білікті басшының қолдауы, шебер ұйымдастыру нәтижесінде осынау жаңашылдық Ембі өндірісіне еніп, жылжымалы бұрғылау қондырғысы «Доссормұнайгаз» МГӨБ Ботакан кен алаңында №72 ұңғымаға қойылды» дейді өз естелігінде сол кезде Қоғамның бас механигі лауазымында еңбек еткен ардагер мұнайшы Асан Ибраимов.

ұйымдастырылуына атсалысқан азаматтардың қатарында Нұрпейіс Мақашевтың есімін ерекше атаймыз.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕРПІЛІС

1990 жылдардың басы ел үшін ауыр кезең болды. Экономикалық қиындықтар халықтың тұрмысына да әсер етті. Дүкен сөрелері босап, азық-түлік талонмен берілген уақыт өткен күннің еншісінде қалды. Осындай жағдайда қала басшылығында болған Нұрпейіс Мақашұлы тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жеңілдетуге бағытталған шараларды жүзеге асыруға күш салды. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға азық-түлік жеткізу, жалғызбасты қарияларға тегін түскі ас ұйымдастыру, науқас жандарға қолдау көрсету – сол жылдардың есте қалған игі бастамалары.

Сонымен қатар қаладағы коммуналдық қызметтердің тұрақты жұмыс істеуі, тұрғын үйлердің жылу, су, электр және газбен қамтамасыз етілуі, жолаушылар тасымалын ұйымдастыру сияқты мәселелер де оның назарынан тыс қалмады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жұмысшылар еңбекақыларын, зейнеткерлер зейнетақыларын ала алмай қиналып жатқан тұста, аз қамтылған отбасыларын азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз

Атырауға жұмсауына себепші болды. Бірлескен жұмыстардың нәтижесінде әуежайға жергілікті 600 адам қосымша жұмысқа тартылды. Ал, 1993-1999 жылдары – «Магденли-халықаралық тасымал» фирмасының, «АТМА-Әуежай Атырау және тасымал» акционерлік қоғамының бас үйлестірушісі қызметтерін атқарған Нұрпейіс Мақашев ұлтқа жанашырлығымен танылды. Бірлескен кәсіпорындағы қазақстандық жұмысшылардың құқықтарын қорғау, заң бұзушылыққа, заңсыз жұмыстан босату сияқты әрекеттерге жол бермеу мақсатында кәсіподақ ұйымын құруға бастамашыл болып, осы бағытта да көп жұмыстың жүзеге асырылуына себепші болды.

МҰНАЙ-ГАЗ САЛСЫНЫҢ ӨРІСТЕУІНДЕГІ ҮЛЕС

Кейінгі жылдары Нұрпейіс Мақашұлы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қоса отырып, түрлі жауапты қызметтер атқарды. 1999-2001 жылдары Атырау облысы әкімінің орынбасары болып еңбек етіп, көптеген маңызды істердің жүзеге асуына сүбелі үлес қосты. Соның ішінде, қала тазалығына, санитарлық жағдайды жақсартуға жұртты жұмылдырды. Қаладағы ықшамаудандар мен көше-көшелерді аралап, халықты тазалыққа

үндеді. Қоқыс жайлап кеткен облыс орталығынан бірнеше мыңдаған тонна қоқыстар мен тұрмыстық қалдықтар шығарылып, көп қабатты тұрғын үйлердің төңірегі келбеттенді. Суға толып тұрған жертелелердің 70-80 пайызы тазартылды, қалада ажарлы арбаттар, көрікті гүлзарлар пайда болды. Өңірдегі құрылыс пен әлеуметтік нысандардың, тұрғын үйлердің күрделі жөнделуіне, жаңа нысандардың бой көтеруіне мән берілді. Ауылдағы тірлік те оңала бастады.

Ол мұнай-газ саласында да жемісті еңбек етті. 2001-2002 жылдары – «Қазақойл» ҰМК, «ҚазМұнайГаз» ҰК» ЖАК президенттерінің кеңесшісі, 2002-2004 жылдары – «Ембімұнайгаз» ААК президенті, «ҚазМұнайГаз Барлау Өндіру» АҚ «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалының директоры лауазымдарында табысты еңбек етті. Өзі үшін мұнай-газ саласы жаңа бағыт болғанына қарамастан, өндірістегі жұмыстардың сапалы, уақытылы жасалуын жіті назарда ұстады.

Көрсеткіштерді жақсарту, жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу, жұмыс сапасын арттыру, қауіпсіз нәтижеге қол жеткізу сияқты принциптердің орындалысын негізгі ұстанымына айналдырды. Сонымен қатар, осы кезде мұнайшылардың әлеуметтік мәселелерін шешуге де біраз күш

тірегі болған ата-бабаларымыздың атын жаңғыртып, баба рухына тағзым етіп, құрмет көрсету, олардың өнегесін кейінгі жас ұрпаққа ұлықтауға ұйытқы болған, бірқатар мәдени және рухани жобалардың жүзеге асуына үлес қосқан азаматтар қатарында да оның есімі зор құрметпен аталады.

Нұрпейіс Мақашұлының ел алдындағы еңбегі ескерусіз қалмады. Исатай, Жылыой, Мақат аудандарының, Атырау қаласының және Атырау облысының Құрметті азаматы атақтарына ие болуы, «Құрмет», «Парасат» ордендерімен марапатталуы – елі мен халқы алдында сіңірген еңбегіне берілген жоғары баға.

Қай қызметте жүрсе де ел мүддесін алаңғы орынға қойған Нұрпейіс Мақашұлы – әріптестері мен замандастары арасында парасат-пайымы биік, талапшыл әрі әділ басшы ретінде танылған тұлға. Оның өмір жолы – табанды еңбектің, елге адал қызмет етудің айқын үлгісі.

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, мұнай-газ саласының өркендеуіне және қоғамдық өмірдің жандануына үлес қосқан азаматтың еңбегі кейінгі буынға өнеге болып қала бермек. **ЕТ**

КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТ

ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ШЫҢДАЛУ АЛАҢЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ кадрлық әлеуетті дамыту, жас мамандардың кәсіби деңгейін арттыру мәселесін стратегиялық басым бағыттардың бірі ретінде қарастырып келеді. Компанияда еңбек ететін жас буынның білімін жетілдіру, басқарушылық қабілеттерін дамыту және өндірістік үдерістерге жаңа көзқарас қалыптастыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соның жарқын дәлелі – соңғы жылдары дәстүрге айналған Serpin жобасы.

Аталған жоба биыл төртінші рет ұйымдастырылып отыр. Биыл да бастамаға 28 жас маман арнайы іріктеуден өтіп, қатысу мүмкіндігіне ие болды. Қатысушылар алдағы кезеңде бес модульден тұратын кешенді оқу бағдарламасы аясында білімдерін жетілдірмек.

Жобаның алғашқы кезеңі «Жаңа Дәуір Лидерлері» тақырыбымен Атырау қаласында бастау алды. Алдағы уақытта оқу модульдері еліміздің ірі білім және мәдени орталықтары – Алматы, Астана және Өскемен қалаларында жалғасады. Мұндай

кезегінде жастардың өзара байланысын нығайтып, командалық рухты қалыптастыруға ықпал етеді.

Бағдарламаның қорытынды кезеңінде қатысушылар компанияның даму бағыттарына қатысты өз жобаларын әзірлеп, қорғауға мүмкіндік алады. Бұл кезең жас мамандардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, нақты өндірістік мәселелерді шешуге бағытталған ұсыныстар әзірлеуіне жол ашады.

Serpin жобасының тиімділігі нақты



дамытудың және оларға сенім артудың нақты көрінісі.

Жалпы алғанда, Serpin – тек білім беру жобасы ғана емес, бұл – жас мұнайшылардың кәсіби және тұлғалық дамуына жол



формат жас мамандардың тек кәсіби білімін ғана емес, олардың дүниетанымын кеңейтіп, әртүрлі ортада тәжірибе жинақтауына мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламасы заманауи талаптарға сай жасқалған. Қатысушылар «ЖИ енгізілуі: қиял мен шындық», «Ораторлық шеберлік», «Жобаларды басқару. Жүйелілік», «Жеке қаржы және жобалар экономикасы» сияқты өзекті бағыттар бойынша тәжірибелі тренерлерден білім алады. Бұл дағдылар өндірістік ортада тиімді шешім қабылдауға, командалық жұмысты жетілдіруге және жеке жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді.

Жобаның ерекшелігі – оның тек оқу процесімен шектелмейтіндігінде. Serpin аясында қатысушылар үшін бірқатар командалық іс-шаралар да ұйымдастырылып, белсенді демалыс түрлері қарастырылған. Бұл өз

нәтижелермен дәлелденіп отыр. Алғашқы үш маусым аясында оқудан өткен 84 жас маман әзірлеген бірқатар жобалар бүгінде компанияның өндірістік процестеріне енгізіліп, өз нәтижесін беруде. Бұл – жастардың әлеуетін дұрыс бағытта

ашатын, оларды болашақ көшбасшылар қатарына қосуға бағытталған маңызды алаң. Мұндай бастамалар компанияның тұрақты дамуына, өндіріс тиімділігінің артуына және бәсекеге қабілетті кадрлар қалыптастыруға берік негіз қалайды. **ET**



РУХАНИЯТ

Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясы ұйымдастыруымен «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында өткізілген республикалық «Еңбек адамы-2025» әдеби байқауының жеңімпаздарын салтанатты марапаттау шарасы өтті.

ЕМБІЛІК АРДАГЕРДІҢ ЖЕТІСТІГІ



Елдің түкпір-түкпірінен көптеген шығармашылық иелері қатысқан байқаудың негізгі мақсаты – еңбек адамы тек экономиканың тірегі ғана емес, ол әдебиет пен өнердің де лайықты кейіпкері ретінде тұтас бір романға арқау бола алады, қазақ әдебиеті қашан да замана үніне құлақ қойып, қоғамның тынысын аша береді деген ұстанымды жеткізу.

Сарапшылардың қорытындысы бойынша, зейнеткер-мұнайшы, ембілік ардагер Канат Нұрмаханов «Қарашүңгіл – көзімнің қарасы бұл» публицистикалық романы үшін байқаудың үшінші дәрежелі лауреаты атанды.

Туынды алғашқы қазақ жұмысшысы батыстағы мұнай кәсіпшілігінде қалыптасқанын, тарихи Қарашүңгілден әйгілі Теңіз кеніші, Қашағанға дейінгі кен орындарының ашылу, игерілу жылдары аралығын, дәуір тыныстарын сипаттайды.

Құлсары, Қосшағыл және Доссор кәсіпшіліктеріндегі мұнайшылардың өмірін, олардың қилы тағдырларын баяндаған кітапта Жылыойдың байырғы кәсіпшіліктері мен ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің өмірі жазылған. **ET**

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmg.kz

Г.Амирова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmg.kz

Баспаханна: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

К.Әбенев – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Идрисов – Басқарма төрағасы қызметінің жетекшісі;

Н.Есмағамбетов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

М.Куримов – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Г.Қулетова – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!

Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ

Instagram - @embamunaigas.kz

TikTok - @embamunaigas

Facebook - Ембілік Мұнайшы

You tube - «Ембімұнайгаз» АҚ



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.